



4-тақырып. Менің жақын айналам



**АТАНЫҢ СӨЗІ – АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ. ОТБАСЫ
ДІҢГЕГІ-БАЛА,ҰРПАҚ ӨСІРУ, ОНЫҢ ТӘРБИЕСІ.
ОТБАСЫЛЫҚ ӨНЕГЕ МАХАББАТТА,
СЫЙЛАСТЫҚТА, БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІКТЕ
ЕКЕНІН ЕСТЕ ҰСТАУ КЕРЕК.
ЕЛДІҢ, ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫ ӘР ОТБАСЫНДА
ШЕШІЛЕДІ.**




- **Сабақтың мақсаты:** өзі мен өзгелерді бағалау туралы түсінік қалыптастыру, адам өміріндегі туыстық қарым-қатынастардың маңызын туралы түсініктерін кеңейту

Негізгі ұғымдар: әдеп нормалары, қамқорлық, гендер, дәстүр



Сабақтың жоспары:

1. Адам өміріндегі отбасы мен туыстық қатынастардың маңызы
2. Махаббат – көпжақты сезім ретінде





Лекцияның қысқаша мазмұны.




- *Өзін-өзі жақын адамдармен өзара қарым-қатынаста тану. **Адам өміріндегі отбасы мен туыстық қатынастардың маңызы.** Ата-аналар мен балалар қарым-қатынастары. Қазіргі заманғы отбасының образы.*
- ***Махаббат** – көпжақты сезім ретінде. Ерлер және әйел бастамасының үндестігі қоғамның өмір сүруінің негізі. Адам өміріндегі достықтың орны. Дос бола білу қабілеті ерекше адами сый ретінде.*
- *Адамға өзінің жақын адамдарымен өзара қарым-қатынас жасау қажеттілігі: қамқорлық жасау, өзін басқаның орнына қоя білу, кешірімді болу.*

Адам өміріндегі отбасы мен туыстық қатынастардың маңызы. **Отбасы – некеге немесе қандас туыстыққа негізделген қоғамдық шағын топ.** Адам тұрмысын ұйымдастырудың бастапқы нысаны, яғни тұрмысының ортақтығымен және өзара моралдық жауапкерлік, көмекпен байланысқан адамдардың бірлесуі. **Отбасы қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады, онда адам дүниеге келіп, ұрпақ жалғасады.**





Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы да **отбасынан** басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді





- Ақын сөзімен айтқанда: «**Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі**», - десек артық емес. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы алғашқы қадам. Сондықтан, отбасы өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге (ауыстыруға) болмайтын баспалдақ. **Отбасы** – сыйластық, жарастық орнаған орта. **Отбасы** – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.

Қара шаңырақ, отбасы – адам баласының алтын діңгегі.



- Өйткені адам шыр етіп дүниеге келісімен осы отбасының есігін айқара ашып енеді және осында ер жетіп, тәрбие алады. Сондықтан отбасының адамзат баласының дамуына ықпалы зор. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындап тұр емес пе? Қазақ шаңырағында әуелі әке, сосын ана осы отбасының ұстазы болмақ. Ата-анасы отбасында имандылыққа тәрбиелесе, ол бала тіл алғыш, адал, үлкен-кішіге қамқор болып өседі. Адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінің бірін-бірі сыйлауынан, қадірлеуінен, әсіресе, баланың қартайған әке-шешелеріне қамқор болуынан көрінеді.

Дін мұсылман жолында Әкені құрметтеу - айрықша парыз. «Әкеге бағыну - Аллаға бағыну. Оның алдында күнәһар болу - Алла алдында күнәһар болу» дейді Пайғамбарымыз.



«Ел болам десең, бесігіңді түзе»

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің»

Е, Құдайым, бала бер, бала берсең сана бер, сана бермесең бір-бірлеп ала бер»

Дана халқымыз «балаңды бес жасқа дейін хандай сыйла, он екі жасқа дейін құлыңдай жұмса, он үш жастан кейін ақылшыңдай кеңес»

Бұрынғылар жастарға сенім артып, оның есеюіне, отаншыл, көпшіл, халықшыл, ұлтжанды болып тәрбиеленуіне мақал-мәтелдер арқылы ықпал еткен.

Махаббат – көпжақты сезім ретінде.

- Махаббат - адам жанының




асыл қасиеті

асқақ мұраты

таным тұғыры

Риясыз ынтық,

нәзік сезімі



Орта ғасырларда махаббат ұғымы көркем шығарманың ғана емес,

1 • дүниетаным,

2 • дін


3 • философия,

4 • эстетика

• салаларының өзекті мәселелері
бастау алатын кәусар бұлақ саналды

салаларының өзекті
мәселелері бастау
алатын кәусар бұлақ
саналды.

• Махаббат әрбір адамның әлемдегі, қоғамдағы, отбасындағы орнын белгілеуге, өзін-өзі, ақиқат мәнді, жаратылыс сырын тануға мүмкіндік беретін маңызды таным түйсігі. Сол себептен махаббаттың сипаты да түрліше. Мысалы, адам мен Құдай, ер мен әйел, ұстаз бен шәкірт, ата-ана мен бала, туыс араларындағы махаббат. Өз кезегінде адам мен Алла арасындағы махаббат - имандылықтың, ер мен әйел махаббаты - отбасының, отанның беріктігінің, ұстаз бен шәкірт махаббаты - білімнің, ата-ана мен бала, туысқандар арасындағы махаббат - елдіктің, т.б. қастерлі құндылықтардың кепілі әрі бастауы. Сонымен қатар адамның Отанына, туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілік сезімі де махаббаттың бір көрінісі.



- Яғни махаббаттың қай түрі болсын, адамды ізгілікке, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелейді.○○○
- Адамдардың басым көпшілігін толғандыратын да, көптеген көркем шығармаларға өзек болған тақырып **та ер мен әйел арасындағы махаббат.** Алғашқыда күйіп-жанған ынтық сезіммен басталған махаббат жұбайлық жұп құру кезінен бастап жаңа сатыға көтеріледі.





- Некедегі ер мен әйелдің отбасындағы өзара адалдығы, бір-біріне қамқорлығы, ортақ жауапкершілігі, ізгі мақсат, ортақ мүддеге жұмылуы алдыңғы орынға шығуымен махаббат жаңа сапалық өзгерісте дамып, тәрбиелік мәні артады. **Демек, ер мен әйелдің арасындағы махаббат пен осындай басқа да махаббаттардың барлығы - олардың ешқайсысын жоққа шығармайтын, бірақ бүтіндей қамтып, әрқайсысының мәнін арттыратын адамның хақиқатты мақсат еткен Аллаға деген махаббатының алғашқы сатыларының бірі.**

ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ

- **Студенттердің өздігінен дайындалуына арналған тапсырмалар:**
- **1. Хрестоматиядан махаббаттың әр түрлі стильдері мен тілі туралы оқу.**